

x6. 892 (5K95-4501)

524



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
ТАСҚАЛА АУДАНЫ

V

ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОН  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

32891 1/2  
727

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ  
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ  
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**ТАСҚАЛА АУДАНЫ**



ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО  
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОН**

-435651

**н**

WSP

Орал - Уральск, 2007

Жұбан Молдағалиев атындағы  
Батыс Қазақстан облыстық  
Ғылым-әмбебап кітапханасы  
Мемлекеттік мекеме  
Батыс Қазақстан облысы

ББК 79.0л6  
Б 27

Жалпы редакциясын басқарған / Под общей редакцией  
тарих ғылымының докторы, профессор  
**М.Н.Сдыков.**

**Б 27 Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат  
мұралары ескерткіштері // Памятники природного и  
историко-культурного наследия Западно-Казахстанской  
области: в 14 т. - Т 5. Тасқала ауданы // Таскалинский  
район – Орал қ. 2007 ж. - 232 бет.**

ISBN 9965-9426-3-3

**Авторлық ұжым / Авторский коллектив:**

М.Н.Сдыков  
А.А.Бисембаев  
С.Ю.Гуцалов  
А.А.Джубанов  
С.К.Рамазанов  
Т.Т. Жусупкалиев (ответственный за выпуск)  
Р.С.Мерғалиев  
Д.В.Марыксин  
Г.З. Аманғалиев

*На обложке: Керамический сосуд с поселения Бауыржан-аяк.  
фото О.Белялова*

978

ISBN 9965-9426-3-3

© Батыс Қазақстан облыстық тарих  
және археология орталығы

# ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ

## СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томды ғылыми басылым / Научное издание в 14 томах



Шыңғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
Қаратөбе ауданы	III	Каратобинский район
Бөрлі ауданы	IV	Бурлинский район
<b>ТАСҚАЛА АУДАНЫ</b>	<b>V</b>	<b>ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОН</b>
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
Ақжайық ауданы	VII	Акжаикский район
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
Казталовка ауданы	IX	Казталовский район
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бөкейорда ауданы	XI	Букейординский район
Зеленов ауданы	XII	Зеленовский район
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	6
<b>I бөлім. Табиғат мұрасы .....</b>	<b>12</b>
1.1. Табиғаты .....	14
1.2. Ландшафты әртүрлілігі .....	38
1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері .....	45
1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары .....	55
<b>II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы .....</b>	<b>61</b>
2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама .....	63
2.2. Археологиялық ескерткіштер .....	67
2.3. Қазіргі кезеңдегі тарих және мәдениет ескерткіштері. ....	105

### Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер
- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті нысандар

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Введение .....</b>	<b>8</b>
<b>Глава I. Природное наследие .....</b>	<b>110</b>
1.1. Природная среда .....	112
1.2. Ландшафтное разнообразие .....	139
1.3. Памятники природного наследия .....	145
1.4. Рекреационные природные ресурсы .....	155
<b>Глава II. Историко-культурное наследие .....</b>	<b>161</b>
2.1. Характеристика памятников археологии .....	163
2.2. Археологические памятники .....	168
2.3. Современные памятники истории и культуры .....	207
<b>Приложения</b>	
- Памятники природного наследия	
- Археологические памятники и находки	
- Историко-архитектурные и монументальные памятники	

## Кіріспе

Өткеннің мұраларын зерттеп, сақтау Қазақстан Республикасының рухани және ғылыми өмірінің басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселені Қазақстан қоғамының толыққанды әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуының неғұрлым маңызды және өзекжарды проблемаларының қатарына жатқызды. Президент бұл мәселенің тек ғылыми жағын ғана айтып қоймай, сонымен қатар мәдени мұралардың азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі айрықша маңызын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы жұмыс мәселенің бұлай қойылуының дер кезінде қолға алынған, өмірлік қажеттілік екендігін көрсетті. Істің жағдайын талдау жұмыс ауқымының аса үлкен, көптеген жақтары іс жүзінде жаңа ғана зерттеле бастағандығын көрсетті. Сол себепті мәдени мұраларды анықтап, зерттеп, сақтау Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің басты бағыттарының біріне айналды.

Алай да үш жыл бойғы қарқынды жұмыс мәдени мұраның зерттелу жағдайын, мәлім болған материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің бастапқы жағдайын талдауды қатаң талап ететіндігін көрсетті. Демек, облыс бойынша барлық ескерткіштердің нақты жиынтығын тауып, анықтауды қажетсінді. Көшпелі мәдениеттің шаруашылық – экономикалық дамуының ерекшеліктері бізді мәдени даму деңгейінің табиғи тұрпаттан ажырағысыз дүние екендігін түсінуге жетеледі. Сол себепті тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бір мезгілде біз табиғи мұраларды оның барлық жақтарымен қоса нақтылау жұмысын бастадық.

2002 жылдан бастап орталық облыстың тарихи және мәдени мұраларын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыс әрбір аудан мен облыс орталығы Орал қаласына дербес том болып арналған “ Батыс Қазақстан облысының табиғи және тарихи – мәдени мұраларының ескерткіштері” атты осы ұжымдық жинақта іс жүзіндегі шынайы көрінісін табады. Басылым біткеннен кейін облыс бойынша тұтас талдау жұмысы шығарылады. Мұндай қадам авторлардың ойынша материалдық және рухани мәдениет пен тамаша табиғи нысандарды неғұрлым толық қамтитындығына кепілдік береді. Әрбір том белгілі бір ауданның халық игілігіне айналған құндылыққа ие болатын неғұрлым ірі тарих пен мәдениет

ескерткіштерін қамтиды.

Басылымды әзірлеуге Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері, жергілікті ғалымдар, сонымен қатар Алматы мен Ақтөбенің мамандары қатысты. Біз Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен және Ш.Уәлиханов атындағы (Алматы) тарих және этнология институтымен, сондай – ақ Ресей ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің далалық Институтымен(Орынбор) белсенді қарым – қатынастамыз.

Аталған том облыстағы іргелі аудандардың бірі Тасқала ауданына арналған. Ауданның әбден зерттеліп болмаған бай тарихы бар. Тасқала жұртшылығы қоғамымыздың мәдени дамуына зор үлесін қосып келеді. Сонымен қатар осы басылымда көрінісін тапқанындай, ауданның өзіндік табиғи сипаттамасы бар.

Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданы-Кеңес үкіметі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістер жағдайында, дербес әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1933 жылы құрылды. Ауданның қазіргі қалыпта рәсімделуі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Ресей әкімшілігінің қазақ жерлерін отарлық бөлу; шектеу саясатын жүргізу мерзімімен сәйкес келеді.

Қазақстанды әкімшілік-аумақтық жайластыру бойынша жүргізілген реформалар Ресей империясындағы жалпы қабылданған және даланы басқаруға ыңғайлы әдістерді енгізу мақсатын көздеді. Сол себепті 1867-68 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Қазіргі Тасқала ауданының жерлері Орал облысы Орал уезіне қарайтын бірнеше болыстар құрамына енді. 1891 жылғы Ереже бойынша болыстар шекарасын өзгерту құқығы басқармаға берілгендіктен, болыстар аумағы жиі өзгеріп отырды. Уездер мен облыс шекаралары тек Ресей ішкі істер министрлігі шешімімен ғана бекітілді. Ауданның бұдан кейінгі рәсімделуі Кеңес үкіметі кезінде өтті. Кеңестердің І Құрылтай съезінің шешімі бойынша 12 қазанда құрамында 6 уезі бар Орал губерниясы құрылды. Қазіргі Тасқала ауданы ол кезде Орал уезінің негізгі құрамына еніп, алғашқы рет Камен болысы, орталығы-Камен ауылы болып құрылды. 1923 жылы Камен болысына Ливкин болысы қосылды. Сол кезеңде болыс аймағында 9 ауылдық кеңестері біріктірілді: *Камен, Крутинский, Паникский, Широкинский, Асерчевский, Зеленов, Цыгановский, Красненский, Вавилинский*.

1927 жылы Орал губерниясы таратылып, орнына Орал-Гурьев округі құрылды. Бұрынғы Орал уезі, Зеленов ауданының Шаған болысымен бірге Камен болысы құрылды. 1928 жылдың 18 мамыр



айында Зеленов ауданының орталығы Камен ауылына көшіріліп, қазан айында Камен ауданы деп аталды. Осылайша, Камен ауданы Қазақстан картасында өз алдына дербес аудандық бірлік деңгейінде 1928 жылы пайда болды. 1930 жылы 23 шілдедегі БОАК қаулысы негізінде 1930 жылғы 17 желтоқсанда жерлерді округтік бөлу тоқтатылып, аудандық жүйе енгізілді, оның негізінде 1929 жылдан құрыла бастаған ірілендірілген аудандар және жаңадан құрылған аудандар алынды. Қазақстанда барлығы 126 аудан құрылды. Камен ауданы Теплов ауданымен бірге Орал ауданын құрды. Соғысқа дейінгі реформалық өзгерістер 1932 жылы аяқталды. Осы аталған кезеңде Батыс Қазақстан облысы құрылды. Алғашқы облыс құрамында 27 аудан болса, біріктіру барысында 14 аудан ғана қалдырылды. 1933 жылдың 28 қазан айында Орал ауданы жойылып, ауданның кейбір аймағы Камен ауданы, орталығы Камен ауылы болып табылды.

Аудан құрамына 15 ауылдық кеңес жерлері біріктірілді. Олар: *Кошчинский, Ермолчевский, Зеленовский, Социалистический, Кардонский, Гремячий, Янайкинский, Кушумский, Второ-Чижинский, Каменский, Переметинский, Семиглавомарский, Серебряковский, Перво Чижинский, Цыгановский.* Кейінірек, аудан аумағы шағын өзгерістерге ұшырағанмен негізгі әкімшілік-аумақтық бөліну аяқталған болатын. Қазіргі уақытта аудан- Тасқала атанып, аудан орталығы Тасқала деп атала бастады. Ауданның негізгі тарихи қалыптасқан тұрғындары қазақтар еді. Ал XIX ғ соңы XX ғ басында басталған орыс-украин шаруаларының қоныс аударуы нәтижесінде аудан тұрғындарының көп ұлтты құрамы қалыптаса бастады. Қазіргі Тасқала ауданы Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде. Тасқала ауданы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Зеленов, Казталовка аудандарымен, Ресей Федерациясының Саратов облысы Озинка ауданымен шекаралас орналасқан.

\* \* \*

Изучение и сохранение культурного наследия стало одним из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А. Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль культурного

наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы "Культурное наследие" показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел показал наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало одним из основных направлений деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении трех лет показала, что состояние изученности культурного наследия настоятельно требует первоначального обобщения имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании "Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области", в котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет выпущена обобщающая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов. Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

В подготовке издания принимают участие научные сотрудники Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии, местные ученые, а также специалисты из Алматы и Актюбинска. Мы активно сотрудничаем с Институтом археологии им. Маргулана и Институтом истории и этнологии им. Ш.Валиханова (Алматы), а также с Институтом степи Уральского Отделения РАН (Оренбург).

Данный том посвящен Таскалинскому району который сейчас является одним из крупных районов области. Район имеет свою богатую историю, до конца неисследованную. Жители Таскалы

внесли свой огромный вклад в развитие культурной жизни нашего общества. Вместе с тем, район имеет своеобразную природную характеристику, которая отражена в данном издании.

Таскалинский район Западно – Казахстанской области сложился в результате социально – экономических, политических и культурных преобразований, произошедших в обществе в условиях Советской власти. Образован он был как самостоятельная административно – территориальная единица в 1933 году.

Начало современного оформления района относится к периоду колониального размежевания и разграничения казахских земель колониальной администрацией России во второй половине XIX века. Реформы по административно - территориальному обустройству Казахстана преследовали цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому в 1867-68 годах на территории Казахстана было образовано 6 областей. Земли современного Таскалинского района вошли в состав ряда волостей Уральского уезда Уральской области. По Положению 1891 года право изменения границ волостей принадлежало областному правлению, поэтому территории волостей изменялись достаточно часто. Границы же уездов и областей утверждались только решением Министерства внутренних дел России.

Процесс дальнейшего оформления района происходил в условиях Советской власти. По решению I Учредительного съезда Советов 12 октября была образована Уральская губерния в составе 6 уездов. Современный Таскалинский район входил тогда в состав Уральского уезда в основном в составе впервые образованной Каменской волости с центром в поселке Каменный.

В 1923 году к Каменской волости была присоединена Ливкинская волость. В результате территория волости объединяла на тот момент 9 сельских советов: *Каменский, Крутинский, Паникский, Широкинский, Асерчевский, Зеленовский, Цыгановский, Красненский, Вавилинский.*

В 1927 году Уральская губерния была ликвидирована и на ее территории образованы Уральский и Гурьевский округа. Каменская волость образовала совместно с Чаганской волостью бывшего Уральского уезда Зеленовский район. 18 мая 1928 года центр Зеленовского района был переведен в поселок Каменный и в октябре того же район получил название Каменского. Таким образом, впервые Каменский район как самостоятельная единица районного уровня появился на карте Казахстана в 1928 году.

Следующая административно – территориальная реформа

произошла 17 декабря 1930 года, когда на основании постановления ВЦИК от 23 июля 1930 года окружное деление было ликвидировано и введено районное деление, в основу которого были положены укрупненные районы 1929 года с частичным образованием новых районов. На территории Казахстана образовалось 126 районов. Каменский район совместно с Тепловским образовали Уральский район.

Процесс реформирования в довоенный период завершился в 1932 году. Именно тогда была образована Западно-Казахстанская область. Первоначально в составе 27 районов, но в дальнейшем в процессе оптимизации численность районов сократилась до 14. В последующем 28 октября 1933 года Уральский район был ликвидирован. Часть его территории образовала Каменский район с центром в поселке Каменный. В составе района теперь были объединены земли 15 сельских советов: *Кошчинский, Ермолчевский, Зеленовский, Социалистический, Кардонский, Гремячий, Янайкинский, Кушумский, Второ- Чижинский, Каменский, Переметнинский, Семиглавомарский, Серебряковский, Перво – Чижинский, Цыгановский.*

В дальнейшем территория района будет подвергаться частичным изменениям, однако в целом процесс административно – территориального определения завершился. Уже в наше время району было дано название – Таскалинский, а районный центр станет называться Таскала.

Основным исторически сложившимся населением района были казахи. В начале XIX века здесь стали проживать казахи. В конце XIX – начале XX веков в результате переселения русско-украинского крестьянства начинает формироваться многонациональный состав населения.

Современный Таскалинский район расположен в северо-западной части Западно-Казахстанской области. Он граничит с Аюжаикским, Зеленовским и Казталовским районами Западно-Казахстанской, а также с Озинкским районом Саратовской области Российской Федерации.


Сдыков М.Н.



# ТАБИҒАТ МҰРАСЫ



# ТАСҚАЛА АУДАНЫНЫҢ КАРТАСЫ



# БІРІНШІ БӨЛІМ ТАБИФАТ МҰРАСЫ

## 1.1. Табиғаты

Тасқала ауданының көлемі 8,1 мың шаршы километр жерді алып жатыр. Аудан облысымыздың солтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстік-батысында Ресей Федерациясының Саратов облысы, солтүстік-шығысында БҚО-ның Зеленов ауданы, оңтүстік-шығысында Ақжайық, оңтүстік-батысында Казталовка ауданымен шектеседі. Аудан орталығы - Тасқала ауылы.

**Тектоникалық және геологиялық құрылысы.** Тасқала ауданы солтүстік Каспий маңы қыртысындағы тектоникалық ойпатта орналасқан. Тасқала ауданының геологиялық жас топырақты жері бетінің ең ежелгісі Жалпы Сырт болып табылады. Палеоген кезеңінің ортасында, жер қыртысының біркелкі емес тігінен қозғалуы нәтижесінде, теңіз сулары астынан Жайық өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан, Жалпы Сырт пен Орал маңы үстірті көтерілген. Бұл кезеңде Каспий маңы тектоникалық ойпаты экватор мен жоғарғы меридианға қатысты, қазіргі орналасқан жерінде. Жалпы Сырт плиоценада (кайнозой эрасының неоген кезеңі) ежелгі Каспийдің Ақшағыл алыбы суының астында тағы қалды, ал Орал маңы үстірті бұл кезеңде көтерілгендіктен, теңіз суының басуына ұшыраған жоқ.

Апшерон жоғарғы плиоценді трансгрессиясы бұрынғы көлемі жағынан қарағанда анағұрлым аз, плиоцен кезеңін аяқтап, облысымыздың плейстоцен кезеңі басталады сонымен бірге, Тасқала ауданының тарихында Каспий теңіз-көлінің мейлінше бірнеше рет басуы мен кері шегінуіне байланысты плейстоцен басталады. Жалпы Сырттың оңтүстік бағытына қарай аудан аумағы Баку, Хазар, Хвалын бассейндері суларымен толған. Биіктіктің қазіргі заманғы абсолюттік белгілері - 80 (100) м шамасында тұрған Сырт алды кемерінің тар жолағы Жоғарғы баку мен Төменгі хазар су қоймалары

шөгінділерінен тұрады. Осылайша, облысымыздың Жалпы Сырт аймағы (Орал маңы үстіртінен соң) теңіз суларынан түбегейлі арылу бойынша екінші орында, ал аудан бойынша Жалпы Сырт ең ежелгі аймақ болып табылады.

Жоғарғы плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігінің қалың мұзбасуымен (вюрм мұзбасуы, 115 жыл бұрын басталып, 10 мың жыл бұрын аяқталған). Ойпаттың орнын қазіргі 45 (50) м белгісіне дейін Төменгі хвалын (Ертенгі хвалын) бассейні сулары (50-40 мың жыл бұрын), қоршаған кеңістік- тен түскен құмдар мен саздар алып жатыр. Қазіргі уақытта олар неғұрлым төменгі жерлерде көл, сор және жайылма шөгінділерімен бөлініп кетеді. Теңіздің қайтуына байланысты ауданда ең жас. Төменгі хвалын беті қалыптаса бастады.

Осылайша, аудандағы геологиялық жағынан ең жас беті- Каспий маңы ойпатының оңтүстік-батысында орналасқан, Төменгі хвалын бассейні суларынан 40 мың жыл бұрын босаған. Осы кезде, Еуропада тарихи аренада саналы адам - *Homo sapiens L.*, пайда болды, (Африкада ежелгі табылған жаңалық - 130 000 жыл бұрын, ал жақында Эфиопияда 1967 жылы табылған адамның ең ежелгі сүйегі (түп тармағы: саналы ежелгі адам *Homo sapiens idaltu*) жасы - 195 мың жыл, олар, бұрынғы есептеуге қарағанда 65 мың жылға үлкен; Батыс Азияда - 90 000 мың жыл бұрын), шамамен (жерде жарты миллион жыл бойы тұрғындарды) біржолата ығыстырған болатын. Саналы адамның мұнда пайда болуы - соңғы палеолит бастамасының белгісі болды. Оның ішегінде алғашқы 12 мың жыл ішінде ол, неандерталдар мәдениетімен- яғни, орташа палеолитикалық немесе мустьер деп аталатын мәдениетін алға тартушыларымен қатар өмір сүрді.

Сонымен қатар, саналы адамға келтіретін эволюция сызығы 6,5 млн жыл бұрын байқалған. (мүмкін 8 млн жылдан бұрын) Бұл кезде ежелгі гоминид тұқымдастары екі аяқпен жүрген. Дегенмен, 2,4 млн жыл бұрын алғашқа адамдардың өкілдері пайда болып, тастан жабайы құрал- саймандар дайындай бастаған. Бұл құрал-саймандар өрескел өңделген ұсақ жұмыр күйде болған (бұл Олдувай деп аталатын мәдениет). Шамамен, 1,5 млн жыл бұрын өмір сүрген ежелгі адамдар отты игерген



және екі жүзді, үшты тіске ұқсас тастан құрал-саймандар жасаған, бұл әмбебап қолданыстағы құрал, оны көбінесе жануарлардың денесін мүшелеуге пайдаланған болуы мүмкін (Ашель мәдеиеті). 200 - 28 мың жыл бұрын Еуропада және Батыс Азияда (Өзбекстанға дейін) неандерталдар өмір сүрген.

Осылайша, 2,4 млн. жыл - 200 мың жыл бұрынғы уақыт кезеңі ерте палеолиттік, ал 200 – 40 мың жыл орта палеолиттік, тек соңғы 40 мың жыл кейінгі палеолит мәдениеті болып табылады. 2,4 млн жылдан үлкен жастағы гоминидтар төменгі аяқтарын жүруге пайдаланғанмен жабайы болған. Облыс аймағында саналы адамның пайда болуына дейін біздің облысымыз ұзақ геологиялық даму тарихын өткерді. Жоғарыда жазылған процестерге қазіргі тектоникалық ойпаттың орнындағы терең опырылулар жүйесі бастама болды.

Ол палеозойға дейінгі (кембрийге дейінгі) кезеңде, Жер мантиясына дейін жетті. Сол кезде белсенді Жанартаулық және сейсмикалық (зілзала) іс-әрекеттер орын алды. Терең опырылулар орнында жер қыртысы жарылды. Бір уақытта болған төменнен ауыр мантия заттарының, ал жоғарыдан тым жеңіл қалдық шөгінді материалдардың бір уақытта түсуінен континент типті жер қыртыс жыныстары ығысулық дорифейлік (жасы 1,6 млрд. жылдан жоғары) қыртысты түзінділерін құра бастады. Оны ежелгі Еуропа континенті тарихында бүкіл фанерозой бойы шөгіндінің жиналуына негіз болғандықтан “Кристалл іргетасы” деп атаған. Тасқала ауданында бұл іргетастың төбесі шамамен 8 км тереңдікте орналасқан.

Каспий маңы тектоникалық ойпаты орталық бөлігінің төмен түсу. Бастамасы осының алдында болған, “қалыптаспаған мұхит” плеорифттің дамуы оның тоқтауына байланысты болуы мүмкін. Оның ось бөлігі геофизикалық мәлімет бойынша шамамен Қаратөбе – Тайпақ - Жалпақтал бағыттары бойынша және Ресейдің Александр-Гай елді мекенінен әрі қарай өтеді. Уатылған платформа ірге тасына белгі қалдырған дивергентті шекарасының дамуы континенттік рифт сатысында аяқталды. Нағыз кең көлемде мұхит одан пайда болған жоқ.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғарғы полеозой литосферасы қоршаған телімдердің сатылап біртіндеп блоктың батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы

тектоникалық ойпаты кең көлемді және әрдайым төмен түсетін терең шөгінді алабына айналды. Оны ойпаттың шетінен ортасына қарай, жас шамасы бірдей жыныстардың қалыңдығы артуы байқалатын шөгінді материалдарының жиналу сипаты дәлелдейді.


Палезойдің пермь дәуірінде (кунгур ярус 275-270 млн. жыл бұрын) ойпаттың терең сулы бассейнін салыстырмалы қысқа мерзімде қуатты тұзды тасқа толды. Тұнбалардың 1 км дейін қорлануынан тұзды күмбезді көтерілулер пайда болды (жоғарғы қабаттың қатты қысымынан, тұз жоғарға қарай жылжыйды). Пермь кезеңінің аяғында тұнбалардың қуаттылығы 4-5 киллометрге жеткен. Содан соң, (тұнбалардың жиналуына қарай) триас және юрск-палеоген кезеңінің тұз күмбезді көтерілулер пайда болды. Каспий маңы тектоникалық ойпатының (және ауданы) солтүстігінде Жалпы Сырт маңында тұздар үлкен жота түрін құрады. Тұзды жоталардың жоғарында, тұзды күмбездер орныққан.

Геологиялық дамудың күрделі тарихы нәтижесінде бетінің кейбір бөліктерінің көтерілуі және түсуі процестерінің ұзақтығы (үлкен тереңдіктерде тұздардың ауысуы салдарынан), жасы мезозой дәуірінің триас кезеңінен бастап, қазіргі уақытқа дейін ежелгі теңіз мейлінше жас. Ол сонымен қатар континентті түзінді шөгінділерімен аудан шегінде құралған. Осының салдарынан Орал маңы үстірті шегіндегі аумақ құм боры, ақ саз, шөгінділерімен күрделенген. Барлық жерде сазды, сазды топырақ кең тараған. Орал маңы үстіртінің оңтүстік экспозициясының беткейлеріне аллювиалды құм алаптары бар. Сондықтан ауданға құм боры, әксаз, саз балшықтардың кен орындары тән.

**Жер бедері.** Тасқала ауданының жер бедері, біздің облысымыз сияқты, Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік шығысында орналасқан, Жалпы Сырттың, Сырт алды кемері, Каспий маңы жазығының беткі қабатынан орын алады. Ауданның жер көлемі беті облыс көлемінде биік болғанымен, жалпы солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай аласара береді.

Тасқала ауылының солтүстігінен 12 километрге қарай,

435651



ауданның солтүстігінде ең биік нүктесі -Үлкен Ешкі тауы орналасқан, оның биіктігі теңіз деңгейінен 259 м. Бұл - нүкте Орал өзенінің оң жақ бөлігінде, облысымыз бойынша ең биік нүкте болып саналады. Ауданның ең төмен нүктесі - оңтүстік бағытта, Кереге қыстағының солтүстігі теңіз деңгейінен 10 м.

Ауданның солтүстік бөлігінің жер беті жонды-төбелі жазықты құрайды. Деркул өзенінің тік кемермен бөлінген, Жайық өзеніне құйылады, сонымен қатар Шығыс Дюра, Паника, Чиж-1, Чиж-2, Меркень салаларымен өздерінің ағынсыз суларын жазық, оңтүстік бағытқа апарады. Солтүстік ауданның жер бедеріне тән үлкен тереңдіктен жер бетіне тұздардың көтерілуі,салыстырмалы биіктігі 40-60 метр, сонымен қатар әр түрлі биіктіктегі төбе, шоқылар. Су беті өткен кезде де, соңғы уақытта да, қарқынды әрекеттің нәтижесінде, ауданның жер бедері ең қалың, көлденең және ең терең тік бөлектенумен ерекшеленеді.

Қазіргі және ежелгі су ағымдарының эрозия салдарынан Сырттар пайда болған. Ауданның оңтүстік бөлігі тектоникалық өзгеріске ұшыраған тайыз, шекарасы айқын көрсетілмеген Дюрен және Чиж өзендері, әдетте Чиж- Дюрен ағымы атымен таныс. Олар жоғарыда аталып өткен өзендердің көктемгі ағын суын пайдаланады. Сонымен қатар, бұл жерлерде тұзды күмбездері бар, жатаған төбелер көп таралған, түбінде кәдімгі-сор. Деркул өзені Жалпы Сырттың баурайынан оңтүстікке қарай ағып, Сырталды кемерін кесіп өтеді. Өзен қойнауынан солтүстікке қарай жер бедері биік жоталы, тік төбелер, салыстырмалы биіктігі - 100 метр. Ол көптеген арқалық және ой-шұңқырлармен бөлінген, жартысы көктемде ағын суларын Деркул өзеніне құяды. Оңтүстік жағасы тар, жай толқынды солтүстікке қарай бұрылған. Деркул өзенінің сол жақ сағасында Красненькая өзенінен батысқа қарай кеткен төбелер сілімі -Тасты Сырт деген атпен кеңінен таныс, оның беті тасты, әртүрлі мөлшердегі құмдақ кесектер Сырттың төбесімен бауырында орналасқан. Тасқала ауылының оңтүстігіне қарай Тасты Сырттағы да көрінеді. Бұл жерде оның ең биік нүктесі - Глазистая (Көзді) тауы, биіктігі - 196 м. Сыртың шығыс сілімдерінен,

Көк таудан ауданың батысында Чиж және Меркень

өзендері ағады. Бұл жерде Ресей Федерациясында 194 м биіктіктегі Түйетау тауы орналасқан. Көк тау төбе баурайлары құмдақ, бірақ олардың беткі жағы делювиальды борпылдақ құмдармен жабылған, көбінесе жыра етектерінде көрінеді. Чиж-1, Чиж-2 өзендерінің жоғарғы жақтарының жер бедері төбелі, биіктіктері шамамен 50 м дейін. Бұл ауданың жер бедері құйылымдар әсерінен күшті ыдыраған, кей жерлерде қалың эрозиялық жыралар-сайлар бар. Көк таудың оңтүстігінде Сырт алды кемердің төмен, жай толқынды жазықтығы жайылған (көлденең аралығы 150 м) Төбелердің салыстырмалы биіктігі кемердің шығыс бөлігінде 10 м дейін, ал батысында қиын құралған, кей жерлерде 30 м дейін. Сырт аумағына қарағанда бөренелік ау аз кездеседі. Арасында 3-5 м тереңдіктегі жыралар кездеседі. Шағын өзендерден Сырт алды кемерде шығыс Дюра және Мерекень орналасқан. Сырт алды кемерге - ағымсыз, тайыз төмендеулер тән. Кемер Деркул өзенінің су қоймасына кіреді.

Сырт алды кемердің оңтүстігінің көп бөлігі Тасқалы ауданының Каспий маңы ойпатын алады, жалпы беткі еңісі Каспий теңізіне бағытталған. Бұл аймақ Чиж - Дюрин ағымында орналасқан. Бұларға тік жарлы тереңдігі 5-6 м дейінгі сорлар тән. Осындай құрылымдардың айналасында ұсақ төмендеулер – дала орлары қалыптасқан. Кей жерлерде көлденеңнен бірнеше километрге созылған, тереңдігі 1,5 м дейінгі ойпаттар кездеседі.

**Климаты.** Аудан аумағындағы көп жылғы ауа-райы режимі өткен геологиялық кезеңдердің қалыптасқан, жалпы жаһанды ауа-райының жағдайларына сәйкес, Оның бөліктерінің континентті режимге жүйелі өзгеріп, қалыптаса бастады.

Каспий теңізі көлі деңгейінің геологиялық қатынасы бойынша қысқа плиоцент- плейстоцент кезеңі, кейінірек жүйелі түрде, ірі және бірнеше мәрте болған ауытқуларға, сонымен бірге голоценде кіші мұз басу, негізінен, ауа-райының өзгеруіне байланысты болды. Каспийдің әрбір ірі трансгрессиясының басталуы, әдетте, ауа-райының елеулі салқындау фазаларымен сәйкес келді. Ал аумақтың судан арылуы ауа-райының күшті құрғақтануымен жарыса жүрді.

Бөлек алынған мұздақтар мен мұзаралық дәуірлер шегінде, олардың ауа-райына салқындық пен жылылықтың ауысулары тән. Соңғы вюрм елеулі мұздықтануы кезінде олар бірнеше мәрте бір-бірімен ауысып отырды.

Температураның көтерілуі мұздықтардың еруі және мұздық жабындысының бұзылуы 14 мың жыл бұрын басталды. Климаттың мұндай жылынуы жаһанды сипат алып отыр. Ол вюрм мұздық жамылғысының тозуымен қоса жүрді, бірақ процесс бір қалыпты болған жоқ. Оның тұсында температурасының ауытқулары болып мұздықтардың жие басталуы, дүние жүзілік мұхит деңгейінің, таудағы қар шегі биіктігі мен аңғарыла мұздықтардың көлемі өзгеріп отырды. Скандинавия мұздық жабындысы 9 мың жыл бұрын, яғни голоценнің басында жойылып кеткен.

Голоцен, әдетте, бес климаттық кезеңге бөлінеді:

1) арктикалық және субарктикалық мұз басудың соңы және мұзбасудан кейінгі кезеңнің басы. Бұл кезеңде (б.з. дейінгі 9-8 мың жыл) басталған жылылыққа байланысты мұздық жабындылар жойылумен қатар, Еуропада тундра көлемі де елеулі қысқарды. Бұл жерде қайыңды-қарағай және тайга ормандары қайтадан өріс ала бастады.

2) бориалды - салқын және құрғақ. Ол кезде тайга ормандары тундраны солтүстікке ығыстыра бастады. Одан кейін жалпақ жапырақты ормандар Оңтүстікті және Орта Еуропаның бөліктерін алып жатты.

3) атлантикалық - жылы және ылғалды. Осыдан 6 мың жыл бұрын, осы кезеңге ұқсас климаттық оптимум деп аталатын кезең басталды. Атлантикалық кезде климат қазіргі кезге қарағанда жылырақ болды. Голоценді оптимум кезінде климат жер шарының барлық жерінде жылы және ылғалды климат болды.

4) суббориалды - жылы және құрғақ (серотермиялық) кезең. Ол 2 мың жылға жуық (2500 ж. бастап б.з.д. 500 ж. дейін) және салқындығымен ерекшеленді. Сондықтан бұл кезеңге барлық ландшафт аймақтарының экваторға жылжуы, тау мұздақтарының басталуы, жоғары ендіктерді мұздандудың күшеюі, ал қуаңшылық облыстарда қуаңшылықтың орын алуы байқалды.

5) субатлантикалық - суық және ылғалды кезең бұл б.з.д 500 жылға жуық басталған суық және ылғал кезең қазіргі уақытқа дейін жалғасып отыр. Бұл кезеңде климат нашарлап, суық бола бастады, жауын-шашын көбейді. Шым тезекті батпақтар бола бастады, тундралы ормандар мен орманды далаларда орнай бастады. Климат үлкен мұхиттармен ерекшеленетін қазіргі климатқа біртіндеп көше бастады.

Тарихи кезеңдегі климат жағдайлары туралы халықтың көшуімен қараусыз қалған елді мекендер, су тасқыны, аштық жайлы мәліметтер негізінде пікір айтылады.

Біздің заманымыздың алғашқы 100 жылдығындағы ылғалдылық пен температура қазіргі кездегіге жақын болған. Бірақ шамамен IV-V ғасырларда жағдайлар өзгеріп, Еуропада VIII ғ.-ғ дейін климат құрғақ және жылы болған. Осы кезде шым тезектер азайып, көлдер деңгейі төмендей бастаған.

Орта ғасырдың алғашқы кезеңінде (VIII ғ. бастап XIV ғ. дейін) жайлы және жылы климат болған, солтүстік теңіздер мұздығының тез азаюы орын алған.

XIII-XIV ғ.ғ-да климаттың жаңадан салқындай бастап, солтүстік теңіздер мұздануы біртіндеп күшейе түсті. Климаттың маусым ішіндегі өзгермелілігі артты.

Кіші мұзды кезең деп аталатын кезеңге көшу айқындалды. Кіші мұзды кезеңге тән белгі-тау мұздықтарының қозғалуы. XVI ғ. соңында және XVII ғ.-да альпі мұздығының дамуы жоғары шегіне жетті. 1700 жылға жуық альпі мұздағы біраз кейінге шегінді, бірақ бұл уақытта Исландия мен Норвегияда мұздақтар дами бастады. Ал Швецияда 1710 жылы үлкен аумағы болған. Содан кейін мұздақтардың елеулі қозғалыстары 1720 жылдары болып өтті. 1760-1790 ж.ж. бойы альпі мұздақтары ұлғая түсті. Олардың жайылуының таралу шегі 1820 жылы жоғары шегіне жетіп, ол 1600 жылда болған жоғары шегіне ұқсас болды. Тау мұздақтауының жаһанды жаңа жоғарғы шегі Альпіде, Исландияда, Норвегияда, Солтүстік Америкада, Британ Колумбиясында және Оңтүстік Американың Патагон аңдаларында 1850 жылы орын алды. 1850-1860 ж.ж басталған тау мұздықтарының соңғы жаһанды ауысушылығы және ол мұздық кезең аяғының соңғы белгісі болды. Өндірістік революцияның басталуымен атмосферада адамның

шаруашылық іс-әрекетінің әсерінен, қазба отындарды жағу нәтижесінде парник газдары (негізінен көмір қышқыл газы) көбейіп отыр.

Орта жаһанды температураның 1850 жылдан кейін өсуі атмосферада көмір қышқыл газымен басқа антропоген текті парник газдарының көбеюі нәтижесінде болған деген болжам бар. Осылайша, соңғы 100 жылдықты климаттың жылыну кезеңі деп атауға болады.

Ауа температурасын өлшеу Солтүстік жартышарда орналасқан, тек метеорологиялық станциялар үшін бірсыпыра басым болады. Бұл мәліметтер соңғы 100 жылда жер шарында орта температура  $0,5^{\circ}\text{C}$ -қа дерлік көтерілгенін көрсетеді. Бұл өзгеріс баяу емес кенеттен өзгеріп кетуінен болған жылынулар тұрақты кезеңдерге ауыса бастады.

XIX-XX ғ.ғ соңғы тоқсанындағы климат ауытқулары туралы тура метеорологиялық өлшемдер өңдеулері негізінде пікірлер айтылды. Қазіргі кезде кіші мұздақ кезеңінің артынша болған жылыну XIX ғ.соңында - XX ғасырдың бірінші жартысында жалғасты дегенді айтатын көп мәліметтер бар. Бұл Еуропа, Солтүстік Америка және Азиядағы тау мұздақтарының шегінуі ғана емес, сонымен бірге өңделген метеорологиялық өлшеулердің бірсыпырасы.

Қазіргі кезде, тура метеорологиялық өлшеулердің негізінде кіші мұздақ кезеңінің артынша болған жылылық XIX ғ.соңында XXғ.бірінші жартысында жалғасқан деп анықталады. XIXғ.соңынан 1940 ж. дейін бүкіл Солтүстік жартышарда жылылық болды, оның шамасы  $0,6^{\circ}\text{C}$ -тан кем болмай, содан соң салқындықтың кейбір кезеңінен кейін, жаңадан жылылық басталды. Содан соңғы салқындық 50-60 жылдарда шамалы байқалды. Бұл аз уақыт ішінде ауытқу температурасының біраз мәніне жуық. Температураның жаңадан өсуі 70-ші жылдардың екінші жартысынан басталады.

Жылылыққа бағытталып өзгеретін жаһанды климатта неғұрлым ұсақ масштабы кезеңдік салқындық пен жылылықтың неғұрлым қысқа ырғақтары бар. Ол Солтүстік жартышардың бірыңғай ендік климатының континенттік типіне және тропосфера ауасының батыс циркуляциялық тасымалының басымдылығына байланысты. Тасқала

ауданының атмосферасының жағдайын орта сипаттау үшін ретінде қызмет атқарады. Метеостанциялардың бақылаулар кезінде аудан үшін климаттық элементтердің көп жылғы орта көрсеткіштері, сонымен бірге олардың орта мәнінен ауытқулары болуы мүмкін соңғы мәндері алынады.

Географиялық аймақты және метеорологиялық элементтері арасындағы тәуелділікке негізделген климаттар классификациясы бойынша және мұндай тәуелділіктің сипаттамасы үшін, бетінің қалыптасқан температурасы мен құрғақтық индексі пайдаланылады. Тасқала ауданы бір климаттық аймақ ішінде бірыңғай қатаң аз қарлы қысты, жеткіліксіз ылғалды аймақта орналасқан. Ауданның солтүстігінде қаңтар айының орта айлық температурасы  $-14,2^{\circ}\text{C}$ , ал шілде айында  $+22,2^{\circ}\text{C}$ , орта жылдық температурасы  $+4,0^{\circ}\text{C}$ , орта айлық жауын-шашын шілдеде (34 мм) ең азы- ақпан айында (14 мм) орташа жылдық жауын-шашын 290 мм.

Ауданның оңтүстігінде орташа айлық температура (Чича - 2 ауылы) қаңтарда  $-14,0^{\circ}\text{C}$ , ал шілде айында  $+23,4^{\circ}\text{C}$ , орташа жылдық  $+4,7^{\circ}\text{C}$ ; ең көп орташа айлық жауын-шашын маусым айында (33 мм) ең аз орташа жылдық наурыз айы (11 мм) 248 мм.

Климат жағдайлары кейбір жылдарда көп өзгереді. Барлық жерде жылдың төрт мезгілінің ауысып келуі анық байқалады. Көктем кезінде ауа температурасы тез көтеріледі. Бірақ мұндай күннің жылынуы секірмелі түрде өтеді Себебі салқындық қайталанып келеді, тіпті, кейде үскірік те болады.

Көктемнің ұзақтығы температура шегінде шамамен ай жарымға созылады. Көктем бұл жерде едәуір қуаңшылықта болады. Жауын-шашын өте тұрақсыз: кейде ылғалды көктемде нормадан 3-4 есе көп жауады, ал көктемде кейде, тіпті, жаумайды немесе болар-болмас қана жауады.

Жазда күн радиациясының едәуір мол түсу мөлшері топырақты қыздырып, құрғатып жібереді және жиі қуаңшылыққа әкеп соғады. Атмосфералық жауын-шашынмен ылғалдануы үлкен өзгеріске ұшыратады: қуаңшылық жылдары жеткілікті, кейде мол ылғалды жылдармен алмасады. Әсіресе, жауын-шашынның айлық және маусымдық түсуінің құбылмалылығы жылдық түсімі аз болады. Жазғы жауын-